

«Мемлекеттік аннуитеттік
компания» ӨСК» АҚ

MEMLEKETTİK
ANNUITETTİK KOMPANIA



ГОСУДАРСТВЕННАЯ
АННУИТЕТНАЯ КОМПАНИЯ

АО «КСЖ «Государственная
аннуитетная компания»



БЕКІТІЛДІ
«Мемлекеттік аннуитеттік компания»
өмірді сақтандыру компаниясы» акционер қоғамы
Директорлар кеңесінің
2018 жылғы 29 желтоқсандағы
№ 55 шешімі

«Мемлекеттік аннуитеттік компания» өмірді сақтандыру компаниясы»
акционерлік қоғамының Андеррайтинг кеңесі туралы ереже
(18.09.2025 ж. өзгерістер мен толықтырулармен)

Ереже МАК 815

Басылым: төртінші

Нұр-Сұлтан қаласы, 2021 ж.

 MEMLEKETTIK ANNUITETTIK KOMPANIA ГОСУДАРСТВЕННАЯ АННУИТЕТНАЯ КОМПАНИЯ	«Мемлекеттік аннуитеттік компания» өмірді сақтандыру компаниясы» АҚ	Күні: «29» желтоқсан 2018 ж.	Басылым: төртінші
	Андеррайтинг кеңесі туралы ереже	Ереже МАК 815	13 беттің 2 беті

1. Жалпы ережелер

1.1. «Мемлекеттік аннуитеттік компания» өмірді сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамының Андеррайтинг кеңесі туралы осы Ереже (бұдан әрі – Ереже) «Мемлекеттік аннуитеттік компания» өмірді сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қоғам) Андеррайтинг кеңесінің қызметін ұйымдастырудың жалпы тәртібін айқындайды.

1.2. Қоғамның Андеррайтинг кеңесі (бұдан әрі – Кеңес) өз қызметінде осы Ережені, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексін, «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңын, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 27 тамыздағы № 198 қаулысымен бекітілген Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары, Қазақстан Республикасының бейрезидент сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдары үшін тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін қалыптастыру қағидаларын, Андеррайтинг саясатын (Ереже МАК 005), «Мемлекеттік аннуитеттік компания» өмірді сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамындағы Қайта сақтандыру саясатын (С МАК 002), Қоғамның Директорлар кеңесі мен Жалғыз акционерінің шешімдерін, Сақтандыру шарттарын жасасу кезінде андеррайтинг жүргізу жөніндегі нұсқаулықты (Н МАК 718), «Мемлекеттік аннуитеттік компания» өмірді сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамында қайта сақтандыру қызметін жүзеге асыру қағидаларын (Саясат МАК 844), сондай-ақ Қоғамның өзге де ішкі нормативтік құжаттарын басшылыққа алады.

1.3. Қоғамның Директорлар кеңесі Кеңестің жыл сайынғы есебі негізінде және осы Ереженің 8-бөлімінде көзделген Кеңес қызметін бағалау критерийлерінің белгіленген жүйесіне сәйкес Кеңестің қызметіне жыл сайын бағалау жүргізеді.

2. Кеңестің мақсаттары мен міндеттері

2.1. Кеңес Қоғамда андеррайтинг тәуекелдерін басқару және ішкі бақылаудың барабар жүйесін қалыптастыру мақсатында өз қызметін жүзеге асырады.

2.2. Кеңес:

- 1) Қоғамның Директорлар кеңесі белгілеген лимиттер шегінде андеррайтингтік шешімдер қабылдайды;
- 2) қабылданған тәуекелдерді барабар бағалауға бақылау жасайды;
- 3) сақтандыруға қабылданатын объектілер мен тәуекелдер бойынша сақтандыру тарифінің барабарлығын қамтамасыз етеді;
- 4) сақтандыруға қабылданатын тәуекелдер бойынша сақтандыру өтемінің талаптарын айқындайды;
- 5) белгілі бір кезең ішінде жасалған сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша алынған нетто-сыйлықақылар мен жүзеге асырылған

	«Мемлекеттік аннуитеттік компания» өмірді сақтандыру компаниясы» АҚ	Күні: «29» желтоқсан 2018 ж.	Басылым: төртінші
	Андеррайтинг кеңесі туралы ереже	Ереже МАК 815	13 беттің 3 беті

сақтандыру төлемдері арасындағы оң айырмашылықтың (сақтандыру жағдайларының туындау ықтималдығының критерийлерін ескере отырып) ұлғаюын қамтамасыз етеді;

б) сақтандыру (қайта сақтандыру) шартына енгізілетін негізгі және қосымша талаптардың тізбесін айқындайды.

2. Кеңес төрағасы мен мүшелерінің құқықтары, функциялары, міндеттері және жауапкершілігі

3.1. Кеңестің төрағасы мен мүшелері өз мақсаттары мен міндеттерін іске асыру үшін келесі құқықтарға ие:

1) осы Ережеде және Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарында белгіленген Кеңестің міндеттері мен функцияларын жүзеге асыру үшін қажетті ақпарат (құжаттар, материалдар) бойынша Қоғамның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінен сұрау салу;

2) белгіленген тәртіппен Кеңес отырысының күн тәртібіне мәселелер енгізу; Кеңес отырысының хаттамасына күн тәртібіндегі мәселелер және қабылданған шешімдер бойынша өзінің ерекше пікірін енгізуді талап ету;

3) Кеңес отырысында қаралатын материалдармен алдын ала танысу;

4) осы Ережеде көзделген мәселелерді Қоғамның Директорлар кеңесінің қарауына шығару;

5) Кеңестің құзыретіне кіретін және оған жүктелген міндеттерді шешуге бағытталған мәселелер бойынша Қоғамның құрылымдық бөлімшелеріне ұсыныстар беру;

6) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде, нормативтік құқықтық актілерінде және Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарында көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыру.

3.2. Кеңес төрағасы мен мүшелерінің функциялары:

1) Қоғамның Директорлар кеңесі белгілеген жауапкершілік лимиттері шегінде сақтандыру шартын жасасу туралы андеррайтингтік шешім қабылдау.

Басқарма деңгейінде қабылданатын сақтандыру (қайта сақтандыру) мәмілелері бойынша андеррайтингтік шешімдер Андеррайтинг кеңесінде алдын ала қаралуға тиіс.

Директорлар кеңесі деңгейінде қабылданатын сақтандыру (қайта сақтандыру) мәмілелері бойынша андеррайтингтік шешімдер Андеррайтинг кеңесінде және Басқармада алдын ала қаралуға тиіс.

2) Қоғамның Директорлар кеңесі белгілеген жауапкершілік лимиттеріне сәйкес шешім қабылдау Қоғамның Директорлар кеңесінің құзыретіне жататын сақтандыру шартын жасасу мүмкіндігі туралы Қоғамның Директорлар кеңесіне ұсынымдарды дайындау және ресімдеу.

Андеррайтинг кеңесінің Директорлар кеңесіне арналған ұсынымдары сақтандыруға қабылданатын объектілер мен тәуекелдер бойынша сақтандыру

	«Мемлекеттік аннуитеттік компания» өмірді сақтандыру компаниясы» АҚ	Күні: «29» желтоқсан 2018 ж.	Басылым: төртінші
	Андеррайтинг кеңесі туралы ереже	Ереже МАК 815	13 беттің 4 беті

тарифінің жеткіліктілігін қамтамасыз етеді, сондай-ақ сақтандыруға қабылданатын тәуекелдер бойынша сақтандыру өтемінің (сақтандыру қорғауының) талаптарын айқындайды;

3) қабылданған тәуекелдердің барабар бағалануына бақылау жүргізу;

4) сақтандыруға қабылданатын объектілер мен тәуекелдер бойынша сақтандыру тарифінің жеткіліктілігін қамтамасыз ету;

5) сақтандыруға қабылданатын тәуекелдер бойынша сақтандыру қорғауының талаптарын айқындау;

6) белгілі бір уақыт кезеңі ішінде жасалған сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша алынған нетто-сыйлықақылар мен жүзеге асырылған сақтандыру төлемдерінің арасындағы оң айырманың (сақтандыру жағдайларының туындау ықтималдығы өлшемшарттарын ескере отырып) ұлғайтылуын қамтамасыз ету;

7) сақтандыру (қайта сақтандыру) шартына енгізілетін негізгі және қосымша талаптардың тізбесін айқындау;

8) кәсіптік тәуекел сыныптары бойынша бөлінген экономикалық қызмет түрлерінің анықтамалығын қарау және бекіту;

9) қызметкерді еңбек (қызметтік) міндеттерін атқару кезінде жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сыйлықақысының мөлшерін төмендететін түзету коэффициентінің шекті мөлшерін бекіту. Бұл ретте, «Қызметкерді еңбек (қызметтік) міндеттерін атқару кезінде жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 17-1-бабының 2-1-тармағына сәйкес шарт бойынша сақтандыру сыйлықақысының мөлшері 10 пайыздан аспайтын мөлшерде төмендетілуі мүмкін.

10) «МАК» ӨСК» АҚ-ның Андерайтинг саясатына сәйкес көзделген жағдайларда Қоғамның Андерайтинг кеңесінде жеке тәртіппен қызметкерді еңбек (қызметтік) міндеттерін атқару кезінде жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандырудың жекелеген шарты бойынша түзету коэффициентін қолдану туралы шешім қабылдау;

11) Кеңес жұмысының нәтижелері туралы жылдық есепті алдын ала қарап, кейіннен қарау және шешім қабылдау үшін оны Қоғамның Директорлар кеңесіне енгізу;

12) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде және Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарында көзделген өзге де мәселелерді қарау.

3.3. Кеңес төрағасы мен мүшелерінің міндеттері:

1) Қоғамның мүдделерін тұтастай басшылыққа ала отырып әрекет ету;

2) өз құқықтары мен құзыреті шегінде әрекет ету;

3) Қоғамның Жалғыз акционері мен Қоғамның Директорлар кеңесі қабылдаған шешімдерді орындау;

4) Кеңес отырыстарына қатысу;

 МЕМЛЕКЕТТІК АННУИТЕТТІК КОМПАНИЯ ГОСУДАРСТВЕННАЯ АННУИТЕТНАЯ КОМПАНИЯ	«Мемлекеттік аннуитеттік компания» өмірді сақтандыру компаниясы» АҚ	Күні: «29» желтоқсан 2018 ж.	Басылым: төртінші
	Андеррайтинг кеңесі туралы ереже	Ереже МАК 815	13 беттің 5 беті

5) өзінің лауазымдық міндеттерін жүзеге асыру барысында Қазақстан Республикасының заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамалық актілерінде және нормативтік құқықтық актілерінде көзделген талаптарды сақтау;

6) тәуекелдерді басқаруды және ішкі бақылауды жүзеге асыру, сондай-ақ кәсіби әдеп қағидаларын және Қоғамның басқа да ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын сақтау;

7) Кеңес мүшелері мүдделер қақтығысы туындаған жағдайда бұл туралы Кеңес төрағасына хабарлауға және қаралып жатқан мәселе бойынша Кеңес мүшесінің қарсылық білдіруі (өздігінен бас тартуы) арқылы оның туындауына жол бермеу жөнінде шаралар қабылдауға міндетті.

3.4. Кеңес төрағасы мен мүшелері мынадай мәселелер бойынша жауапты болады:

1) осы Ереженің мақсаттары мен міндеттерінің орындалуы үшін;

2) Қоғамның андеррайтинг саясатын іске асыру үшін;

3) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде, Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарында және осы Ережеде көзделген талаптарды тиісінше орындамағаны үшін;

4) Кеңес отырыстарында қабылданған шешімдердің, оның ішінде сақтандыру шартын жасасу туралы андеррайтингтік шешімдердің салдары үшін;

5) егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде және нормативтік құқықтық актілерінде жауаптылықтың өзге негіздері мен мөлшері белгіленбесе, өз әрекеттерімен (әрекетсіздігімен) Қоғамға келтірілген залал үшін;

6) Қоғамның Директорлар кеңесі белгілеген сақтандыру сыныптары (түрлері) бөлінісінде сақтандыру (қайта сақтандыру) шарты бойынша жауапкершілік лимиттері шегінде қабылданған Кеңес шешімдері, оның ішінде сақтандыру шартын жасасу туралы андеррайтингтік шешімдер үшін;

7) қабылданған тәуекелдердің барабар бағалануына бақылау жүргізу үшін;

8) сақтандыруға қабылданатын объектілер мен тәуекелдер бойынша сақтандыру тарифінің жеткіліктілігін қамтамасыз ету үшін;

9) сақтандыруға қабылданатын тәуекелдер бойынша сақтандыру қорғауының талаптарын айқындау үшін;

10) белгілі бір уақыт кезеңі ішінде жасалған сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша алынған нетто-сыйлықақылар мен жүзеге асырылған сақтандыру төлемдерінің арасындағы оң айырманың (сақтандыру жағдайларының туындау ықтималдығы өлшемшарттарын ескере отырып) ұлғайтылуын қамтамасыз ету үшін;

11) сақтандыру (қайта сақтандыру) шартына енгізілетін негізгі және қосымша талаптардың тізбесін айқындау үшін.

3.5. Қоғамға залал келтіруге әкеп соққан шешімге қарсы дауыс берген Кеңес мүшелері мұндай шешім үшін жауапты болмайды.

	«Мемлекеттік аннуитеттік компания» өмірді сақтандыру компаниясы» АҚ	Күні: «29» желтоқсан 2018 ж.	Басылым: төртінші
	Андеррайтинг кеңесі туралы ереже	Ереже МАҚ 815	13 беттің 6 беті

4. Сақтандыру шартын жасасу туралы андеррайтингтік шешім қабылдау

4.1. Андеррайтинг шешімі Қоғамның Директорлар кеңесі белгілеген жауапкершілік лимиттері шегінде Андеррайтинг департаменті ұсынған ұсынымдары қамтылған қорытындының және Тәуекелдерді басқару қызметінің қорытындысының негізінде, мынадай шарттарды ескере отырып қабылданады:

- 1) сақтандыру портфелінің жай-күйі;
- 2) сақтандыру объектісі жататын сақтандыру түрі бойынша залалдылық коэффициенттері;
- 3) сақтанушыға және сақтандыру объектісіне байланысты тәуекелдер;
- 4) актуарий және Қазақстан Республикасының сақтандыру және сақтандыру қызметі туралы заңнамасы белгілеген меншікті ұстап қалу лимиттерінің сақталуы;
- 5) Андеррайтинг шешімі қабылдауға әсер ететін өзге де факторлар.

4.2. Андеррайтинг шешімі мыналар қамтылуға тиіс:

- 1) шешімнің қабылданған күні мен нөмірі;
- 2) Андеррайтинг шешімі қабылдауға негіз болған ұсынымдар қамтылған қорытындының берілген күні мен нөмірі;
- 3) сақтандыру (қайта сақтандыру) шартының түрі мен талаптары;
- 4) сақтанушы туралы ақпарат;
- 5) сақтандыру (қайта сақтандыру) шартының қолданылу мерзімі;
- 6) сақтандыру сыныбына (сыныптарына) жатқызылуы;
- 7) сақтандыру (қайта сақтандыру) шартын жасасу көзделіп отырған сақтандыру агенті немесе сақтандыру брокері туралы ақпарат;
- 8) Андеррайтинг шешімін қабылдаған тұлғалардың атқаратын лауазымдары көрсетілген қолдары.

4.3. Кеңес шешімдері Кеңестің отырысына қатысып отырған мүшелерінің жалпы санының жай көпшілік дауысымен қабылданады және жазбаша түрде ресімделеді. Дауыстар тең болған жағдайда Кеңес төрағасының немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның дауысы шешуші болып табылады.

Кеңес отырысын өткізуге арналған кворум Кеңес мүшелерінің сандық құрамының үштен екі бөлігін құрайды, бұл ретте Тәуекелдерді басқару қызметі, Актуарлық есеп айырысулар және талдау қызметі, Андеррайтинг департаменті басшыларының міндетті түрде қатысуы талап етіледі.

5. Кеңес құжаттары

5.1. Кеңес шешімдері шешім қабылдау процесі толық көрсетіле отырып және шешім қабылдауға негіз болған құжаттар қоса тіркеліп, хаттамамен ресімделеді. Хаттамада мыналар көрсетіледі:

- 1) қаралатын мәселелердің тізбесі және олардың толық сипаттамасы;
- 2) шешім қабылдау үшін Кеңеске ұсынылған құжаттардың тізбесі;
- 3) қаралатын әрбір мәселе бойынша дауыс беру қорытындылары;

 МЕМЛЕКЕТТІК АННУИТЕТТІК КОМПАНИЯ ГОСУДАРСТВЕННАЯ АННУИТЕТНАЯ КОМПАНИЯ	«Мемлекеттік аннуитеттік компания» өмірді сақтандыру компаниясы» АҚ	Күні: «29» желтоқсан 2018 ж.	Басылым: төртінші
	Андеррайтинг кеңесі туралы ереже	Ереже МАК 815	13 беттің 7 беті

4) Кеңес мүшелерінің пікірлері, оның ішінде қабылданған шешіммен келіспеген және ерекше пікірі болған жағдайда, олардың негіздемесі көрсетіле отырып.

5.2. Хаттама отырысқа қатысқан Кеңестің барлық мүшелері, Кеңес төрағасы және хатшысы тарапынан қол қойылады және оған қол қойылған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде Қоғамның желілік бумасына орналастырылады.

5.3. Кеңес хаттамалары Андеррайтинг департаментінде сақталады.

6. Кеңестің ұйымдық құрылымы

6.1. Кеңес осы Ережеде бекітілген өкілеттіктер шегінде өз қызметін жүзеге асыратын Қоғамның тұрақты жұмыс істейтін алқалы органы болып табылады.

6.2. Кеңес мынадай мүшелерден тұрады (мүдделі құрылымдық бөлімшелердің, тәуекелдерді басқару бөлімшесінің қызметкерлері және Қоғамның Директорлар кеңесі бекітетін басшы қызметкерлер):

- 1) Қоғамның Басқарма төрағасы;
- 2) сақтандыру өнімдерін сату жөніндегі құрылымдық бөлімшелердің, Андеррайтинг департаментінің қызметін үйлестіретін тұлғалар;
- 3) Андеррайтинг департаментінің директоры;
- 4) Заң департаментінің директоры;
- 5) Өңірлік даму және клиенттік сервис департаментінің директоры;
- 6) Корпоративтік сату департаментінің директоры;
- 7) Тәуекелдерді басқару қызметінің басшысы;
- 8) Актuarлық есеп айырысулар және талдау қызметінің басшысы;
- 9) Қайта сақтандыру қызметінің басшысы.

Осы тармақта көрсетілген Қоғам қызметкерлері лауазымға тағайындалған күннен бастап (немесе лауазым Кеңес құрамына енгізілген күннен бастап) көрсетілген лауазымдардағы өкілеттіктері тоқтатылған күнге дейін Кеңес мүшелері болып табылады. Осы тармақта көрсетілген Қоғам қызметкерлері болмаған жағдайда, Кеңес мүшелері болып лауазымдық нұсқаулықтарына сәйкес олардың міндеттерін атқаратын тұлғалар табылады.

6.3. Кеңестің төрағасы болып Қоғамның Басқарма төрағасы табылады. Қоғамның Басқарма төрағасы болмаған жағдайда, Қоғамның Басқарма төрағасының бұйрығына сәйкес оның міндеттерін атқаратын тұлға Кеңестің төрағасы болып табылады.

Кеңестің төрағасы Кеңес қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады, Кеңестің қарауына шығарылатын күн тәртібіндегі мәселелерді айқындайды, Кеңес мүшелеріне тапсырмалар береді, сондай-ақ Кеңестің қызметіне бақылауды жүзеге асырады.

6.4. Кеңестің барлық мүшелері (оның ішінде Кеңестің төрағасы) дауыс беру кезінде тең құқықтарға ие.

 MEMLEKETTIK ANNUITETTIK KOMPANIA ГОСУДАРСТВЕННАЯ АННУИТЕТНАЯ КОМПАНИЯ	«Мемлекеттік аннуитеттік компания» өмірді сақтаңдыру компаниясы» АҚ	Күні: «29» желтоқсан 2018 ж.	Басылым: төртінші
	Андеррайтинг кеңесі туралы ереже	Ереже МАК 815	13 беттің 8 беті

6.5. Кеңестің хатшысын Кеңес төрағасы Андеррайтинг департаментінің жұмыскерлері қатарынан тағайындайды. Кеңестің хатшысы Кеңес отырыстарының хаттамаларын жүргізеді.

6.6. Кеңестің хатшысы болмаған жағдайда, оның міндеттерін Кеңес төрағасы тағайындайтын Андеррайтинг департаментінің жұмыскері атқарады.

6.7. Кеңестің хатшысы Кеңес қызметін ұйымдастырушылық және ақпараттық қамтамасыз ету жөніндегі функцияларды жүзеге асырады.

6.8. Кеңес хатшысының функциялары:

1) Кеңес мүшелерінен келіп түскен ұсыныстарға сәйкес Кеңестің кезекті отырысының күн тәртібі жобасын әзірлеу және оны Кеңес төрағасына ұсыну;

2) Кеңес отырысын ұйымдастыру және өткізу үшін қажетті құжаттардың (материалдардың) дайындалуын және таратылуын қамтамасыз ету (отырысты өткізу туралы хабарлама, отырыстың күн тәртібіндегі мәселелер бойынша шешімдер жобалары, алдын ала танысуға арналған құжаттардың жобалары және басқа да материалдар);

3) Кеңес отырысының хаттамасын жасау. Қажет болған жағдайда Кеңес отырысы хаттамасынан үзінді көшірмелерді ресімдеу;

4) Кеңес мүшелерінің сұрау салулары бойынша құжаттардың (ақпараттың) дайындалуын және ұсынылуын ұйымдастыру;

5) Кеңес қызметіне байланысты құжат айналымын жүзеге асыру;

6) Кеңес қабылдаған шешімдердің орындалуына бақылауды жүзеге асыру;

7) Кеңес мүшелерін Кеңес шешімдерінің орындалмауы және (немесе) бұзылуы, сондай-ақ осы шешімдерді орындау мерзімдерінің сақталмауы туралы мәліметтер мен фактілер жөнінде хабардар ету.

6.10. Кеңестің хатшысы Кеңес отырысының хаттамасын жүргізеді және хаттамада көрсетілген мәліметтердің толықтығы мен дұрыстығына жауапты болады.

6.11. Кеңес отырысының хаттамасын Кеңестің хатшысы отырыс өткізілген күннен кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде ресімдейді, оған өзі қол қояды және Кеңес мүшелері қол қойғаннан кейін Кеңес Төрағасы не оны алмастыратын тұлға қол қояды.

6.12. Кеңестің хатшысы Кеңес мүшесінің талабы бойынша оған танысу үшін Кеңес отырысының хаттамасын және сырттай дауыс беру арқылы қабылданған шешімдерді ұсынуға және (немесе) Кеңес хатшысының қолымен куәландырылған хаттамадан үзінді көшірмені және шешімдердің көшірмесін беруге міндетті.

7. Кеңестің жұмыс регламенті

7.1. Кеңестің жұмыс регламенті:

1) отырысты күндізгі дауыс беру арқылы өткізу;

2) әрбір Кеңес мүшесімен келісу арқылы сырттай дауыс беру нысанында жұмыс тәртібімен өткізу.

	«Мемлекеттік аннуитеттік компания» өмірді сақтандыру компаниясы» АҚ	Күні: «29» желтоқсан 2018 ж.	Басылым: төртінші
	Андеррайтинг кеңесі туралы ереже	Ереже МАК 815	13 беттің 9 беті

3) Талқылау және дауыс беру Кеңестің хатшысы тарапынан жабылады. Осы уақытқа дейін Кеңес мүшелері ұсынылған нысандағы ақпарат негізінде шешім қабылдап, «қолдаймын», «қарсымын» немесе «қалыс қаламын» деген нұсқалардың бірін таңдау арқылы дауыс беруге тиіс.

4) дауыс беруге Кеңестің төрағасы мен Кеңес мүшелері қатысады.

7.2. Кеңес жұмысының ұйымдастырылуы:

1) Кеңестің қарауына енгізілетін мәселені ұсынатын Қоғамның құрылымдық бөлімшесінің басшысы материалдарды Кеңестің хатшысына ұсынады;

2) Кеңестің хатшысы Кеңес Төрағасы мен Кеңес мүшелерін отырыстың күн тәртібімен және тиісті материалдармен қамтамасыз етеді;

3) Қоғамның құрылымдық бөлімшелерінің басшылары және осы бөлімшелерге жетекшілік ететін лауазымды тұлғалар Кеңестің қарауына шығару үшін Кеңестің хатшысына ұсынылатын ақпарат пен материалдардың толықтығы, дұрыстығы және уақтылы ұсынылуы үшін жауапты болады.

7.3. Кеңес жұмысына қатысу:

1) Кеңес мүшелері Кеңестің жұмысына қатысуға міндетті;

2) Кеңес мүшесі Кеңес отырысына қатыса алмайтын жағдайда, ол болмау себебін көрсете отырып, бұл туралы Кеңестің хатшысына хабарлауға міндетті, бұл ретте Кеңес отырысына болмаған жұмыскердің міндеттерін лауазымдық нұсқаулықтарға сәйкес атқаратын тұлға қатысады;

3) ұсынылып отырған мәселе бойынша шешім қабылдау үшін Қоғамның жекелеген құрылымдық бөлімшелерінің құзыретіне қатысты қосымша ақпарат алу қажет болған жағдайда, қажетті консультациялар өткізу және (немесе) мәселенің мәні бойынша өз пікірін білдіру үшін тиісті құрылымдық бөлімшенің басшысы және (немесе) жұмыскері шақырылуы мүмкін;

4) мәселені қарау барысында Кеңестің кез келген мүшесі «ерекше пікірін» білдіруге құқылы, ол ауызша түрде (мәселе отырыста қаралған кезде) немесе жазбаша түрде (сырттай дауыс беру кезінде) тұжырымдалып, Кеңестің хатшысы тарапынан тіркелуге тиіс.

8. Кеңес қызметін бағалау

8.1. Кеңес қызметін бағалауды Қоғамның Директорлар кеңесі жыл сайын есепті кезеңнің қорытындылары бойынша ұсынылған Кеңес қызметі туралы есеп негізінде және осы бағалау критерийлері жүйесіне сәйкес жүзеге асырады.

Бағалаудың мақсаты – Кеңес қабылдайтын шешімдердің тиімділігін, нәтижелілігін және сапасын, олардың Қоғамның ішкі құжаттарына және стратегиялық мақсаттарына сәйкестігін объективті әрі жүйелі түрде тексеруді қамтамасыз ету.

8.2. Кеңес қызметін бағалау критерийлері:

№	Критерий	Түсіндірме	Критерийдің салмағы
1	Кеңестің шешімдерді	Кеңестің мәселелерді қарау	20%

 МЕМЛЕКЕТТІК АННУИТЕТТІК КОМПАНИЯ ГОСУДАРСТВЕННАЯ АННУИТЕТНАЯ КОМПАНИЯ	«Мемлекеттік аннуитеттік компания» өмірді сақтандыру компаниясы» АҚ	Күні: «29» желтоқсан 2018 ж.	Басылым: төртінші
	Андеррайтинг кеңесі туралы ереже	Ереже МАК 815	13 беттің 10 беті

	қабылдау уақтылығы	және шешімдер қабылдау мерзімдерін сақтауы	
2	Қазақстан Республикасы заңнамасының және Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарының нормаларын сақтау	Шешімдердің Қазақстан Республикасы заңнамасының және Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарының талаптарына сәйкестігі	20%
3	Директорлар кеңесі белгілеген лимиттер шегінде андеррайтинг шешімдерін қабылдау, сақтандыруға қабылданатын объектілер мен тәуекелдер бойынша барабар сақтандыру тарифін қамтамасыз ету	Директорлар кеңесі белгілеген лимиттердің сақталуы; сақтандыру шартын жасасуға қатысатын Қоғамның құрылымдық бөлімшелері тарапынан қорытындылардың дайындалуы; Қабылданған андеррайтингтік шешулерге талдау жүргізу	20%
4	Қабылданған тәуекелдердің тиісті деңгейде бағалануын бақылау	Есепті күнге қолданыстағы сақтандыру шарттары бойынша шығыстар көрсеткішін 100%-дан аспайтын деңгейде бақылау	20%
5	Кеңес мүшелерінің белсенді қатысуы және жұмысқа тартылу деңгейі	Кеңес отырыстарына қатысу деңгейі, мәселелерді талқылауға белсенді қатысуы, негізделген ұстанымдар мен ұсыныстарды ұсынуы	10%
6	Кеңес отырыстарының хаттамаларын белгіленген мерзімдерде келісуді қамтамасыз ету	Хаттамаларды келісу үшін белгіленген мерзімдердің сақталуы	10%
	Барлығы		100 %

8.3. Әрбір критерий бойынша бағалау шкаласы:

Баллдар	Түсіндірме
0	Орындалмаған / қанағаттанарлықсыз
1	Ішінара орындалған / бұзушылықтармен орындалған
2	Негізінен орындалған / жол берілетін ауытқулармен
3	Толық орындалған / ауытқусыз

8.4. Кеңес қызметін бағалау деңгейлері:

	«Мемлекеттік аннуитеттік компания» өмірді сақтандыру компаниясы» АҚ	Күні: «29» желтоқсан 2018 ж.	Басылым: төртінші
	Андеррайтинг кеңесі туралы ереже	Ереже МАК 815	13 беттің 11 беті

Қорытынды баллдар сомасы	Бағалау деңгейі
3,0 – 2,5 ұпай	Өте жақсы
2,49 – 1,5 ұпай	Жақсы
1,49 – 1,0 ұпай	Қанағаттанарлық
1,0 ұпайдан төмен	Қанағаттанарлықсыз

Әрбір критерийдің салмағы тиісті орындалу ұпайына көбейтіледі, одан кейін қорытынды ұпайлар сомасын және бағалау деңгейін анықтау үшін ұпайлар жинақталады.

8.5. Бағалау нәтижелері Кеңестің хаттамасымен рәсімделеді және қарау және шешім қабылдау үшін Қоғамның Директорлар кеңесіне ұсынылады.

- қанағаттанарлықсыз баға алынған жағдайда, Директорлар кеңесі төмендегі шараларды бастауға құқылы:

- Андеррайтингтік кеңестің құрамын қайта қарау;
- шешімдер қабылдау тәсілдерін түзету;
- Қоғамның андеррайтингтік саясатын қайта қарау.

9. Қорытынды ережелер

9.1. Кеңес туралы ереже Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімімен бекітіледі.

9.2. Осы Ережеге толықтырулар мен өзгерістер Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімі негізінде енгізіледі.

9.3. Осы Ережеде көзделмеген мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерімен және Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарымен реттеледі.

9.4. Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне немесе Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне өзгерістер енгізу нәтижесінде осы Ереженің жекелеген нормалары оларға қайшы келген жағдайда, Кеңес Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамалық актілерін немесе нормативтік құқықтық актілерін басшылыққа алады.

9.5. Осы Ереже Қоғамның Директорлар кеңесі бекіткен күннен бастап күшіне енеді.

 МЕМЛЕКЕТТІК АННУИТЕТТІК КОМПАНИЯ ГОСУДАРСТВЕННАЯ АННУИТЕТНАЯ КОМПАНИЯ	«Мемлекеттік аннуитеттік компания» өмірді сақтандыру компаниясы» АҚ	Күні: «29» желтоқсан 2018 ж.	Басылым: төртінші
	Андеррайтинг кеңесі туралы ереже	Ереже МАК 815	13 беттің 12 беті

Келісу кестесі

Көшірмесі	Коды	Басылым	Әзірлеу үшін тұлға		Тексеруге жауапты тұлға	
	Ереже МАК 815	төртінші	күні	қолы	күні	қолы

Норм атив тік мер зім	Келісуге келіп түскен күні	Т. А. Ә.	Келісу нәтижесі			
			Ескертулермен қайтарылды		Келісілді	
			күні	қолы	күні	қолы
3 күн		А. Маканова				
3 күн		Д. Касимова				
3 күн		А. Акажанов				
3 күн		Ж. Жумакова				
3 күн		Н. Куйкенов				
3 күн		Ж. Абуова				
3 күн		Г. Сихова				
3 күн		И. Габдушева				